

«ПОҚ-тың жоғары оқу орнына қанағаттануы» сауалнамасы

«Сырдария» университетінде 2019-2020 оқу жылының 12-13 желтоқсан күндері жұмыс жоспарыша сәйкес профессор-оқытушылары арасында социологиялық сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 59 респондент қатысты.

Сауалнама мақсаты университеттің профессорлық-оқытушылық құрамының оқу орнындағы жұмысына қанағаттану деңгейін анықтау болып табылады, олардың материалды және әлеуметтік-психологиялық жағдайларға қанағаттану деңгейі талданып, ұжымның моральді-психологиялық климаты суреттеледі.

Сауалнама сұрақтарын сараптауға көшетін болсақ, сауалнамаға қатысқан респонденттердің осы оқу орнындағы жұмыс жасау тәжірибесі төмендегі кестеде көрсетілген.

1. Осы ЖОО-дағы Сіздің жұмыс тәжірибеңіз:

жауап	Респонденттер саны	% көрсеткіш
1 жылдан аз	3	5%
1-3жыл	14	23,7%
4-10 жыл	18	30,5%
10 жылдан көп	24	40,5%

Сауалнамаға қатысқан профессор-оқытушылар құрамының 24 (40,5%) университетте 10 жылдан көп қызмет еткендер, 18(30,5%) осы оқу орнындағы еңбек өтілі 4-10 жыл, 14(23,7%) 1-3 жыл, 3(5%) аралығында болып табылады.

2. Оқытушының негізгі 3 міндетін таңдаңыз:

жауап	Респонденттер саны	% көрсеткіш
Оқу пәні бойынша студенттерге білім беру	32	18,7%
Студенттердің мәдени деңгейін арттыру	6	3,5%
Студенттердің таным қабілеттері мен қызығушылықтарын дамыту	16	9,3%
Студенттердің базалық біліктілігін қалыптастыру	18	10,5%
Жоғары білікті маман дайындау	46	26,9%
Ғылым негіздерін беру	5	2,9%
Студенттердің белсенді азаматтық ұстанымдарын тәрбиелеу	2	1,1%
Студенттерді қоршаған шындықты саналы және сыни тұрғыдан қабылдауға үйрету	6	3,5%
Олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту	9	5,2%
Өз бетінше жетілуге және білім алуға ұмтылысын қалыптастыру	16	9,3%
Оларды қоғам мен мамандығында жетістікке жететін бейімділікке дайындау	15	8,7%

Сауалнамаға қатысқан 46 (26,9%) респондент оқытушының негізгі міндеті- жоғары білікті маман дайындау десе, 32(18,7%) оқу пәні бойынша студенттерге білім беру; 18(10,5%) студенттердің базалық біліктілігін қалыптастыру; 16(9,3%) өз бетінше жетілуге және білім алуға ұмтылысын қалыптастыру мен студенттердің таным қабілеттері мен қызығушылықтарын дамыту бірінші орынға қойып отыр.

3. Сіздің ЖОО-да мадақтау процесі қалай іске асырылады, оның ашықтығы мен әділдігі қандай?

жауап	Респонденттер саны	% көрсеткіш
Кафедрада шешім қабылданады және талқыланады	45	76%
Кафедра меңгерушісі өзі шешеді	7	12%
ЖОО әкімшілігі шешеді	7	12%

Сауалнамаға қатысқан 45 (76%) респондент университеттегі мадақтау процесі кафедрада талқыланып, шешім қабылданатынын, 7 (12%) университет әкімшілігі шешетінін, 7(12%) кафедра меңгерушісі өзі шешетінін атап көрсеткен.

4.Сіздің ЖОО-да оқытушыларды моральді түрде мадақтау процесіне қаншалықты қанағаттанасыз?

жауап	Респонденттер саны	% көрсеткіш
Толық қанағаттанамын	47	79%
Орта деңгейде қанағаттанамын	7	12%
Мүлдем қанағаттанбаймын	5	9%

Респонденттердің 7(12%) моральді түрде мадақтау орта деңгейде қанағаттанатынын, 47(79%) толық қанағаттанатынын, 5 (9%) мүлдем қанағаттанбайтынын көрсеткен.

5.Сіз ЖОО-да оқытушыларды материалды түрде мадақтау процесіне қаншалықты қанағаттанасыз?

жауап	Респонденттер саны	% көрсеткіш
Толық қанағаттанамын	45	76%
Орта деңгейде қанағаттанамын	8	13%
Мүлдем қанағаттанбаймын	6	11%

Респонденттердің 8 (13 %) материалды түрде мадақтау орта деңгейде қанағаттанатынын, 45 (76%) толық қанағаттанатынын, 6 (11 %) мүлдем қанағаттанбайтынын көрсеткен.

6.Сіздің ЖОО-да оқытушыларды әлеуметтік қолдау шараларына қаншалықты қанағаттанасыз?

жауап	Респонденттер саны	% көрсеткіш
Толық қанағаттанамын	49	83%
Орта деңгейде қанағаттанамын	8	13%
Мүлдем қанағаттанбаймын	2	4%

Респонденттердің 8(13%) әлеуметтік қолдау шараларына орта деңгейде қанағаттанатынын, 49(83 %) толық қанағаттанатынын, 2 (4 %) мүлдем қанағаттанбайтынын көрсеткен.

7. ЖОО оқытушысы қызметінің қоғам үшін, оның болашағы үшін үлкен мәні бар.

жауап	Респонденттер саны	% көрсеткіш
Толық келісемін	54	93,1%
Келісемін	2	3,4%
Ол туралы ойланған жоқпын	2	3,4%
Мүлдем келіспеймін		

8. Сабақтардың түрлеріне қарай кафедрадағы педагогикалық жүктемені бөлу Сізді қанағаттандырады ма? (вариантты таңдаңыз):

жауап	Респонденттер саны	% көрсеткіш
Иә	46	79,3%
Жоқ	4	6,8%
Барлық уақытта емес	8	13,7%

Сауалнамаға қатысқан профессор-оқытушылар құрамының кафедрадағы педагогикалық жүктемені бөлуге 49(79,3%) толық қанағаттанса, 4(6,8%) қанағаттанбайтынын көрсеткен.

9. БББ жасауға Сізді қатыстырады ма? Бұл қажет деп есептейсіз бе? (вариантты таңдаңыз):

жауап	Респонденттер саны	% көрсеткіш
Иә, білім процесінің сапасын арттыру үшін бұл өте қажет	54	92%
Қажеті жоқ	4	7%
Кейбір жағдайда қажет	1	1%

10. Білікті арттыруға қанағаттанасыз ба?

жауап	Респонденттер саны	% көрсеткіш
Иә	50	87,7%
Жоқ	7	12,2%

Сауалнамаға қатысқан 50 (87,7%) респондент біліктілікті арттыруға қанағаттанатынын, 7 (12,2%) қанағаттанбайтынын атап айтқан.

11. ЖОО-ның беделін арттыруға қосқан үлесіңізді ЖОО дұрыс бағалайды деп ойлайсыз ба?

жауап	Респонденттер саны	% көрсеткіш
Иә	45	76%
Жоқ	2	3%
Барлық уақытта емес	12	21%

Мысалы, «ЖОО-ның беделін арттыруға қосқан үлесіңізді ЖОО дұрыс бағалайды деп ойлайсыз ба?» - деген сұраққа сұралғандардың 76 %-ы «иә» деп жауап берсе, 3%-ы «жоқ» деп ал, 21%-ы «барлық уақытта емес» деп жауап берді

12. ПОҚ-тың ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысуына қанағаттанасыз ба?

жауап	Респонденттер саны	% көрсеткіш
Иә	57	96%
Жоқ	2	4%

Сұралғандардың 96 %-ы «иә» деп жауап берсе, 4%-ы «жоқ» деп жауап берді

13. Сіз ЖОО ұжымының психологиялық климатын қалай бағалайсыз?

жауап	Респонденттер саны	% көрсеткіш
Жақсы	44	74%
Орташа	13	22%
Шиеленіскен	2	4%

«Сіздің ЖОО ұжымының психологиялық климатын қалай бағалайсыз?» - деген сұраққа респонденттердің 74%- «жақсы», 22 %- «орташа», 4% -«шиеленіскен» деп жауап берген

14. Егер жұмыс орныңызды ауыстыру мүмкіндігі туса, қайтадан осы ЖОО таңдайсыз ба?

жауап	Респонденттер саны	% көрсеткіш
Иә	45	76%
Жоқ	8	14%
Білмеймін	6	10%

Сауалнаманың соңғы «Егер жұмыс орныңызды ауыстыру мүмкіндігі туса, қайтадан осы ЖОО таңдайсыз ба?» - деген сұрағына респонденттердің 76 %- «иә», 14 %-«жоқ», 10 %-«білмеймін» - деп жауап берген.

Сауалнама нәтижесі бойынша жалпы шешімдер мен ұсыныстар:

Жалпы, жоғары оқу орнының моральді, материалды мадақтау процесіне, әлеуметтік қолдау шаралары бойынша жұмысы респонденттердің тарапынан төмен бағаға ие болды. Сауалнама нәтижесінде респонденттердің біраз бөлігі жоғары оқу орнындағы білім беру бағдарламасын жобалауға, педагогикалық жүктемені бөлуге және ғылыми-зерттеу жұмысына араласпайтынын анықталды.

Жоғарыда айтылғандарды қорытышдылай келе, келесідей ұсыныстарды алға тартуға болады:

1. Кафедра, факультеттерде моральді, материалды мадақтау процесінің ашықтығын қамтамасыз ету (кафедра мәжілісінде, факультет кеңесінде талқылау, шешім қабылдау)
2. Педагогикалық жүктеме, ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысуға қатысты және БББ жасауға қатысты факультеттер (кафедралар) деңгейінде арнайы сауалнама жүргізу;
3. Сауалнама барысында оқытушылардың білдірген талап тілектерін ескерілсе.

Сапа менеджменті, аккредиттеу және мониторинг бөлімінің басшысы



А.А.Алтыбаева